Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9:** новый вектор развития высшего образования и науки**»** посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.2, ч.1. – Б. 219-221

ҚАЗІРГІ САБАҚТАРДАҒЫ ПРОБЛЕМАЛЫҚ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Тусупбекова А.

Қазіргі заманғы білім берудің басты мақсаты - мамандарды әлемді шығармашылық тұрғыдан өзгертудің әдістемесімен қаруландыру. Осы тұрғыдан алғанда ғылыми міндеттерді дәстүрлі емес әдістермен шешудің жолы ретінде проблемалық оқыту жүйесі ұсынылуы заңды құбылыс.

Проблемалық оқытудың күшті жақтары:

- оқушылардың логикалық ойлау қабілетін арттырады;
- оқу еңбегіне қызығушылығын арттырады;
- берік білімге, оқытудың жоғары нәтижесіне жеткізеді.
- оларды өздігінен саналы жұмыс істеуге үйретеді;

Проблемалық оқытудың артықшылығы: зейіннің дамуына мүмкінщілік жасайды, байқампаздықты танытады, оқушының танымдық іскерлігін белсенді дамытады, жауаптылық, сыншылдық, өзін сынау, бастамашылдық және өзіне баға беру әрекетін дамытады. Бұдан басқа проблемалық оқыту білімнің тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Екіншіден, мұнда Б. Зейгарник ашқан, психологияда белгілі аяқталмаған әрекет эффектісі жұмыс істейді. Оның мәні мынада, басталған әрекеттер, бірақ аяқталмағаны есте жақсы қалады: “ әрекеттердің басы мен күтілетін нәтиже арасында өзекті байланыс сақталады, сондықтан бізді аяқталмағаны ойландырады, аяғына дейін істелмегені есімізде сақталады”.

Проблемалық оқытудың кемшілігі оның оқу үрдісінде оқушыға қиындық туғызатындығы, соның арқасында шешу жолын ізденуге көп уақыттың кетуін жатқызуға болады.сонымен қатар бағдарламаланған оқытуға қарағанда проблемалық оқытудың технологиясын құрастыру оқытушының шеберлігі мен көп уақытын талап етеді. Тап осы жағдайлар проблемалық оқытуды кең қолдануға кедергі келтіреді. Бірақ, оған талпыну керек және әрбір шебер педагаг оны қолданады, өйткені проблемалық оқыту зерттеумен байланысты және осыған сәйкес дәстүрлі оқытудан ерекшеленеді. Себебі кез келген зерттеу – жаңа білім алу үрдісі, ал оқыту – белгілі білімдерді тарату үрдісі болып табылады.ал проблемалық оқыту зерттей отырып оқытуға, оқыта отырып зерттеуге үйретеді. Міне, тек осылай ғана шығармашылық тұлғаны қалыптастыруға болады.

Проблемалық оқытудың жаңа әдістері мен түрлеріне төмендегілерді жатқызуға болады: іскерлік ойындар, студенттердің баяндамалары мен ақпараттық хабарлары, кері байланысты дәрістер, дәріс – диалог, тренинг, дөңгелек үстелдер, пікірталас, ұжымдық –танымдық оқу және тағы басқалар.

Сонымен проблемалық оқыту оқушының танымдық көкжиегін кеңейтеді, шығармашылық белсенділігін арттырады, білім игеру қарқынын тездетеді, қасиет сапасын жақсартады, жаңа тапсырмаларды орындау кезінде өз бетінше жұмыс істеуге үйретеді, оқуға деген ынта – ықыласын оятады.

Проблемалық оқытудың ерекшелігі - мұнда мұғалім білімді дайын түрде баяндап бермейді, оқушылардың алдына проблемалық міндет қояды. Шешімді және шешу құралдарын оқушы өзі іздестіруі тиіс. Бұл технологиялық әдістегі ең маңызды мәселе-жаңа білім жаттау немесе есте сақтау үшін емес, проблеманы немесе бірнеше проблемаларды шешу үшін беріледі.

Проблемалық оқыту кезінде жүретін психологиялық процестер механизмі төмендегідей: белгісіз, түсініксіз жаңа проблемамен жолыққан адамға таңғалу, дағдарыс пайда болады да “оның мәні неде?” деген сұрақ туындайды. Әрі қарай ойлау процесі белгілі схемамен жүреді, яғни - болжам тастау, оны негіздеу және тексеру. Содан соң студент не өз бетімен ойша іздестіру жүргізеді, немесе оқытушының көмегіне сүйенеді. Шығармашылық ойлаудың белсенділігі - проблеманы ұжымдық түрдегі шешу схемасы: “ субъект – объект – субъект ” қарым - қатынастарына түседі.

Проблемалық оқыту технологиясын қолдану мақсаты:

-білім, білік, дағдыға ие қылу;

-өз бетімен әрекеттену әдістерін меңгерту;

-танымдық және шығармашылық икемділікті дамыту.

Атақты поляк педагогі В. Оконь түсіндірмелік және проблемалық оқыту сипаттамасын салыстыра қараған. Мұның негізінде көптеген тұжырымдар жасалды.

Проблемалық оқыту ерекшеліктеріне тоқтала кетейік.

Проблемалық оқыту тұжырымы қарастырады:

- білімді меңгеру ішкі себептер негізінде пайда болған басқарыл-майтын үрдіс;

- бала дүниені тануда адамзат жүріп өткен жолмен жүреді:

-бала материалды сезім мүшелері арқылы (көріп, тыңдап) қабылдап қана қоймайды, білімге деген қажеттілігін қанғаттандыру мақсатында меңгереді;

- оқытуда табысқа жетудің шарттары;

- оқу материалын түсіндіруде проблема туғызу;

- баланың белсенділігі;

- оқытудың бала өмірімен, ойынымен, еңбегімен байланысы.

Проблемалық оқыту мазмұны төмендегідей:

Белгісіз х-ке байланысты:

Х-мақсат

Х-іс-әрекет объектісі

Х-қызмет әдісі

Х-іс-әрекетті орындау шарты.

Проблемалық оқыту әдістерінің ерекшелігі:

-алдын ала белгіленбеген,кенеттен;

-проблемалық мазмұндау;

-эвристикалық;

-проблемалық демонстрация;
-зерттеушілік-лабораториялық жұмыс;
-проблемалық жан-жақты эксперимент;
-мәселені проблемалық шешу;
-проблемалық тапсырма;
-проблемалық жағдай (ойын түрінде).

Проблемалық оқытудың негізгі ерекшелігі - оқушының білетіні мен білмейтінінің арасында қайшылықтар пайда болады және проблемалы міндетті шешуге дайын тәсіл болмағандықтан, проблемалы жағдаят пайда болады, осыған орай, оқушының ізденушілік әрекеті мен ынтасы күшейе түседі.

Сонымен, ойлауға үйрету дегеніміз диалектикалық қарама-қайшылықты көре білуге, сол арқылы нақты шындықты тануға үйрету деген сөз. Қарама - қайшылық ой - дамуының қозғаушы күші.

Проблемалық оқыту оқытушы үшін әр түрлі деңгейдегі қиындықтар тудыруы мүмкін, қандай және қанша іс -әрекеттерді қою және проблеманы шешуді ол өзі жүзеге асыруына тәуелді.